

Шұғыл жеткізілімдер кезіндегі тауарларды кедендік ресімдеудің тәртібі туралы ЕРЕЖЕ

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Кеден комитеті 1997 жылғы 8 шілде N 176-П Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 21 тамызда тіркелді. Тіркеу N 353. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитеті төрағасының 2001 жылғы 15 ақпандағы бұйрығымен . ~V011442

1. Табиғи апаттар, авариялар, катастрофалар кезінде тірі жануарларды, тез бөлінетін тауарларды, радиоактивті материалдарды, бұқаралық ақпарат құралдарына қажетті хабарлар мен материалдарды кедендік ресімдеу оңайлатылған және басым тәртіппен жүргізіледі. Бұл ретте гуманитарлық жәрдемнің желісі бойынша жөнелтілетін жүктер шұғыл жеткізілім ретінде кедендік ресімдеуге жатады.

2. Шұғыл жеткізілім кезінде тауарларды кедендік ресімдеуді оларды УСК (уақытша сақтау қоймаларына) орналастырмастан және тауар жолдау құжаттары мен тауарларды өткізетін қазақстандық тұлғаның өтінішінде көрсетілген мәліметтері негізінде кеден органы бастығының рұқсаты бойынша ҚР кеден органдары жүргізеді. Өтініште тауарларды жетілдірушілер мен алушылар, тауарларды жөнелтетін және қабылдайтын елдер туралы мәліметтер, тауарлардың атау, сипаттамасы, мөлшері, салмағы мен құны (оның үстіне ақпараттарды электронды күйде тасығыштардың құны ескеріле отырып), тауарларды пайдалану мақсаты, сондай-ақ олардың кеден режимдері туралы мәліметтер, белгіленген мерзімде кедендік жүк декларациясын, кеден мақсатына қажетті құжаттар мен мәліметтерді ұсыну туралы міндеттеме қамтылуы тиіс.

3. Кеден мақсатында тауар жолдау құжаты мен өтініш уақытша кедендік декларация ретінде қаралады. Тауарлар шығарылған күннен бастап 30 күннен кешіктірілмей осы бұйрықтың 2-тармағында көрсетілген тұлға ҚР кеден органына белгіленген тәртіппен толтырылған кедендік жүк декларациясын және кеден мақсатына қажетті өзге де құжаттар мен мәліметтерді беруді қамтамасыз етуге міндетті. Бұл ретте ҚР кеден органының уақытша кедендік декларацияны қабылдаған күні қолданылып отырған кеден ісі туралы нормативті актілер қолданылады.

4. Өздеріне қатысты кеден төлемдері мен салықтары алынатын тауарларды аталған кеден төлемдері мен салықтарды төлеу қамтамасыз етілген жағдайда

ғана осы бұйрықтың 2-тармағына сәйкес ресімдеуге болады.

5. Табиғи апат, авария немесе катастрофа салдарынан төтенше жағдай туындаған күннен бастап бір ай ішінде Қазақстан Республикасы кеден шекарасына әкелінетін және осы аумақтан әкетілетін және оның салдарын жою жөніндегі кезек күттірмес шараларды (құтқару және медициналық жабдықтар, дәрі-дәрмектер, уақытша тұрғын жай ж.т.б.) жүргізуге арналған тауарларды ҚР ТМЖК-нің ҚР МКК-не төтенше жағдайдың пайда болған күні және кеден мақсатына қажетті басқа да жағдаяттар туралы мәліметтерді ұсынған кезінде осы бұйрықтың 2-тармағына сәйкес ресімдеуге болады.

6. Халықаралық туристік шараларды (авторалли, мотовеложарыстары ж.т.б.) жүзеге асыру барысында өткізілетін құрал-жабдықтар бірыңғай спецификация бойынша және қайта әкету міндеттемесімен рәсімделеді.

7. Қазақстан Республикасы кеден аумағына әкелінетін және мал дәрігерлік, фитосанитарлық, экологиялық және мемлекеттік кедендік бақылаудың басқа да түрлері бойынша бақылауға жататын тауарларды оларды өткізетін тұлға тиісті министрліктер мен ведомстволардың рұқсаттарын алғанға дейін осындай тауарларды пайдаланбайтындығы немесе Қазақстан Республикасы аумағында тауарларды пайдалануға қажетті процедураларды толық көлемде орындайтындығы туралы міндеттемесін ұсынған жағдайда ғана осы бұйрықтың 2-тармағына сәйкес ресімдеуге болады.

8. Әкетілуіне қатысты шектеулер қойылған және өзге де ұйымдар тарапынан бақылауға жататын тауарларды оларды өткізетін тұлға тиісті ұйымдардың осындай тауарларды әкетуге рұқсатын ұсынған жағдайда ғана осы бұйрықтың 2-тармағына сәйкес ресімдеуге болады.

9. Тауарларды кеден төлемдері мен салықтарын босату Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі.

10. Осы тәртіпті бұзу Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес жауапкершілікке әкеп соқтырады.